

2012 жылы шақыру учаскесіне есепке тіркеуді ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қаражал қаласы әкімінің 2011 жылғы 26 желтоқсандағы N 05 шешімі. Қарағанды облысы Қаражал қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 29 желтоқсанда N 8-5-119 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қаражал қаласы әкімінің 2012 жылғы 7 желтоқсандағы N 04 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қаражал қаласы әкімінің 07.12.2012 N 04 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17 бабының 3 тармағына сәйкес, Қаражал қаласының ә к і м і

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. 2012 жылдың қаңтар-наурыз айларында 2012 жылы он жеті жасқа толатын ер жынысты азаматтарды "Қаражал қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі шақыру учаскесінде тіркеу жүргізілсін.

2. Меншік түріне және бағыныштылығына байланыссыз Қаражал қаласының және Жәйрем кентінің кәсіпорындары, мекемелері, ұйымдары және оқу орындарының басшылары "Қаражал қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне 1995 жылы туған, шақыру учаскесінде есепке тіркеуге жататын азаматтардың тізімін белгіленген үлгіде ұсынсын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау Қаражал қаласы әкімінің орынбасары А. Құрмансейітовке жүктелсін.

4. Осы шешім ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қаражал қаласының әкімі

Ғ. Әшімов

КЕЛІСІЛДІ

Қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы

----- *Д. Көпжасаров*

2011 жылғы 26 желтоқсан

Ішкі істер бөлімінің бастығы

----- *А. Тәкібаев*

2011 жылғы 26 желтоқсан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК